

О Т Ы Р А Р К И Т А П Х А Н А С Ы

6222

1133

Ақылбек ШАЯХМЕТ

ЖЕР-ДЕСІК



О Т Ы Р А Р К И Т А П Х А Н А С Ы

Ақылбек ШАЯХМЕТ

ЖЕР-ДЕСІК

өлеңдер мен поэмалар



FOLIANT 47133 -

Л.Т. Асқандағы Қостанай
облыстық әмбебап ғылыми
кітапханасы

ББК 84 Қаз 7-5
Ш 33

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

Шаяхмет А.

Ш 33 Жер-Бесік: Өлеңдер, поэмалар, толғаулар. —
Астана: Фолиант, 2004 — 240 б.

ISBN 9965-619-48-4

Ақынның жаңа кітабына кейінгі кезде жазған өлеңдерімен қатар "Жер-Бесік", "Тыңда тұған" поэмалары, "Тәуелсіздік туралы", "Армысың, Арқайым!" "Құлып туралы шындық" толғаулары енген.

"Ақсұлу" драмалық дастанына әйгілі сұрыпсалма айтыс ақыны Ақсұлу Орысбайқызының өмірі мен өнері арқау болған.

Кезкелген тақырыпты шынайы жырлауға талпынатын талантты ақынның туындылары оқырманды бей-жай қалдырмайды, кітап кейіпкерлерімен бірге тебірентіп, бірге қуантып, бірге күйзелтеді.

Ш 4702250202
00(05)-04

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-619-48-4

© Шаяхмет А., 2004.
© Фолиант баспасы, 2004.



Бірінші бөлім

Жер - Бесік

поэма

Женіс пен соғыс */пролог орнына/*

Бұгінде төрт күбылам тегіс сайлы,
Аштық пен жоқтық дерті жанышпайды.
Жүзінде нұр ойнаған ақын досым,
"Жазайық, – дейді – ғажап Женіс жайлы".

Әрине, жазу керек Женіс жайлы,
Зуылдаپ Отанымда оқ ұшпайды.
Аяздай батып, бірак, журегіме,
Тіркестер оралады соғыс жайлы.

Тағы аң ба Африка жеріндегі,
Құзғын ба Америка көгіндегі?
Шенгелдеп, салмақ болып жез тырнағын,
Түсімде буындырды өлім мені.

Бұл өмір тарқамайтын базар ма еді,
Жер-көкті түгел өртеп тажал демі,
Сұңгуір қайықтардан оқ атылып,
Батырды тұңғиыққа ажал мені.

Бұршақтай жауып жерге тас көктегі,
Әйтеуір, жүрегімнен жас кеппеді.
Ұшақ кеп қыргидаіын бүріп алып,
Жіберді шыңырауга тастап мені.

Жатырмын үй ішінде, көзімді ашсам,
Қарайды тереземнен күліп аспан.
Фасырдың тағы да бір жаңа жылы
Басталды, болар әрбір күні дастан.

Бақытты асып-тасып жер үстінің,
Әлемнің ән кернеді кеңістігін.
Гүл жайнап, бұлбұл сайрап, еңбек қайнап,
Бірлесіп айтып жатты Женіс жырын.

"Естімей соғыс деген қатал үнді,
Бақытты ән толтырсын Отанымды,
Болсын деп ұлы Женіс жер жүзінде", –
Көтердім қымыз толы бокалымды.

Шат күнді бұдан артық табармын ба?
Куаныш оты ойнады жанарымда.
Сұмдық сөз, сұмпайы сөз соғыс деген
Түйін бол тұрды, бірак, тамағымда.

Кетпей ме ұмыт болып алыс қайғы,
Өткен күн жылдар сайын алыстайды.
Кешегі дұрдараз ел ұл-қыздары
Достасып, неге бүтін табыспайды?

Неге олар ыстық хаттар алыспайды,
Бірге ойнап, құлын-тайдай жарыспайды?
Көп сұрақ мазалайды "неге?" деген,
Халықтар қарғыс айтқан соғыс жайлы.

Ерлердің қайталаймыз күнде есімін,
Ойласак, аз болды ма елде шығын.
Соғысты білмесінші перзенттерің,
Қайғыны көрмесінші Жер-бесігім.

Таң атпай қоймайды

Сәбидің шықты даусы інгалаған,
Ана тұр омырауына гүл қадаған.
Күнәсіз нәрестенің жан дауысын,
Бір үміт, бір күдікпен тыңдады Адам.

Үміті – жайнап тұрса жердің жүзі,
Күдігі – бұзылмаса күннің көзі.
Тарихты оймен шолсак, құбылмалы,
Жер түгіл адамның да бұл мінезі.

Атылса зымырандар тіліп көкті,
Арманға шырак болар үміт көп-ті.
Аралап жердің үстін, аспан астын,
Келеді бәрін, бәрін біліп кеткім.

Атылса зымырандар тіліп көкті,
Жайланаң көңілімді күдік көп-ті.
Келмейді жылап келіп, жылап кеткім,
Келеді бұл өмірден күліп кеткім.

Тағдырға мойынсұнып отырар кім?
Жүректен шығар даусы оты бардың.
Түсіме соңғы кезде жиі енеді,
Ерлері елім деген Отырадың.

Айналаң болған кезде толы дүшпан,
Достармен қандай жақсы жолығысқан.
Қылышпен келсе жаулар елімізге,
Өздері ажал табар сол қылыштан.

Шошынам басқыншының шын сырынан,
Қанды қол қарақшының қырсығынан.
Жан бар ма есептеген қанды айқаста,
Қанша жан қылғанын қыршынан.

Шындықтың іздей қалсам дерегін көп,
Көгілдір экраннан көремін көп.
Ананың қанға батқан бауырында
Шырылдаң сәби жатыр: "емемін", – деп.



Қарамай тұрғынына зар жылаған,
Кім екен бейбіт елді бомбылаған.
Ана мен бала күліп жүрмесе егер,
Осынау кімге керек сәнді ғалам?

Ананың тұнық көлін ылайлаған,
Арамды көріп тұрып шыдай ма адам?
Ақ қанат, берік топшы болат құсты
Құзғынға теңермін деп кім ойлаған.

Отыrap!
Көз алдымда жас пен кәрің,
Жырыма дей алмаймын қостым бәрін.
Толғансам сен туралы, қоса ойлаймын,
Панасыз Палестина босқындарын.

Әлемге бейбітшілік орнасын деп,
Сәбилер жетім болып қалмасын деп.
Ана отыр екі қолын көкке жайып,
Қайтадан Хиросима болмасын тек.

Күндер-ай, ала қашқан қашағандай,
Тірлікте уайымнан босай алмай,
Қаншама жапон ұлы көзін жұмды,
Тырнасын мың бірінші жасай алмай.

Кім бүтін өткенді ойлад құрсінбейді,
Ұрпағым бақытты бол жүрсін дейді.
Милиондаған марқұмның жүректері,
Тынымсыз жер астында дүрсілдейді.

Біреулер қаруды да безбен дейді,
Адамға екінші өмір кез келмейді.
Атом ба?!

Нейтрон ба?!

Корғасын ба?!

Ажалдың салмағы әсте өзгермейді.

Қоярай бар әлемді тұнге бөлеп,
Пиғылы қарақшының мұлде бөлек.

Алатын гүлден ләzzат жан болмаса,
Ол гүлдің сұлулығы кімге керек?

Болған соң күлак бітеу, көзінде шел,
Кетіп жүр бірталайдан өзінде есем.
Ей, жендет!

Токтат мына сұмдығынды,
Канішер!
Ұғамысың сөзімді сен?

Шықпап па ең сен де ананың құрсағынан,
Сәбидің өтпеп пе едің гүл шағынан?
Эй, бірак, сөз кірмейді құлағынан,
Сөзімді шығын қылдым мұнша бұған.

Әлде сен қорқау болып жарадалдың ба?
Батырлар жан қиғанда Ар алдында,
"Келер-ау қылышыма зауал"- демей,
Тұрдың ба қалтыраумен дар алдында.

Сырты бар, іші қуыс жан шығарсың,
Бір күні Ар алдында жаншыларсың.
Келгенде Әзірейіл өнің қашып,
Сырқаттай безгек буған қалшылдарсың.

Халықтан артықпын деп ерегеспе,
Ел болмаса жер деген көр емес пе!
Алтын-күміс қайтадан тірілте алмас,
Баянсыздық дегенің сол емес пе?!

Адамсыз өлке қалай құлпырады,
Болмайды жердін мәңгі тұн тұрағы.
Айтындаршы, қанқұйлы қаракшылар,
Адамы жоқ үйлерде кім тұрады?

Мәңгі-баки қараңғы тұн тунемес,
Бірін бірі адамзат сілкілемес.
Тұн кетпеймін десе де,
 Күн қоймайды,
Таның атпай қалуы мүмкін емес.



Ардагер монологы

"Ұлы Отан соғысының ардагері Леонид Иванович Красильников «Бейбітшілік маршы» туралы естігеннен кейін оған қол қоюға тілек білдірді. Ол соғыста екі бірдей қолынан айырылған екен. Ядролық апатты болдырмауды талап еткен қағазға ол қаламсапты тісімен тістеп отырып қол қойды."

(газеттен)

Өзімнің бойдағы барыммен,
Жаныммен, қаныммен, арыммен,
Тәніммен, тіліммен, үніммен,
Қолымды қоямын бүгін мен.

Жаңғыртқан даланы, тау ішін,
Тыңдандар Шындықтың дауысын.
Ұрпақтар Өмірдің маңызын,
Істеген ісіңнен танысын.

Күн нұры тәгілсін Әлемге,
Куансын сәбилер әр елде,
Өмірдің мәңгілік екенін,
Адамдар!
Арынмен дәлелде!

Бұл менің көкейде бар шыным,
Сіздерге айтатын жан сырым.
Болмасын сұрапыл алапат,
Соғысқа қарсымын, қарсымын!

Көнілге наланы түнеткен,
Жанашыр достарды жүдеткен,
Соғыстың запыран қайғысын
Ішкенмін жүрекпен, жүрекпен.

Сұмдықтан сол кезде тұңғылғем,
Жүрекпен түсінем бүгін мен.
Соғыстың уын да, зәрін де,
Татқанмын тіліммен, діліммен.

Откеннен қалған сол мұң-қайғы,
Жанымның жылуын үрлайды.
Жылтырак алтын мен күмісің,
Бір сәттік кулкіме тұрмайды.

Аспанды кейде бұлт торлайды,
Кеуілді басады зіл-қайғы.
Торқаға оранған тұндер де,
Бір сәттік жарықтай болмайды.

Адамдар ойлансын,
ойлансын,
Соғыстың қатерін ойға алсын.
Ананың көнілі жайлансын,
Жер Күнді мәңгілік айналсын.

Өзімнің бойдағы барыммен,
Жаныммен, қаныммен, арыммен,
Тәніммен, тіліммен, үніммен,
Қолымды қоямын бүгін мен.

Мендібай салған қасқа жол

Таралып жатқан жан-жакқа,
Асыпты жолдар неше бел.
Сүйеніп жалғыз балдаққа,
Келеді бір жан көшемен.

Ардагер аға келеді,
Жаралы қайтқан соғыстан.
Тағдырлар қандай көп еді,
Осы бір жолда тоғысқан.

Қыршыннан қып ұлдарын,
Жылатып жүрген елді ұдай,
Сонау бір сүмдық жылдары,
Пошташы болған Мендібай.

Таситын хатты ауданнан,
Бар жалғыз аты жегетін.

Батыстан, қатал майданнан,
Үш бұрыш хаттар келетін.

Ерлерден жүрген от кешіп,
Келетін хаттар ағылып.
"Соғыстай тозақ жоқ", — десіп,
Оқитын қарттар жабылып.

Жетегін хаттар асығып,
Елі мен жерін сағынып.
Көзінің жасын жасырып,
Тұратын келін қамығып.

Сақтаулы жатыр сол хаттар,
Аңсатқан сонда талайды.
Оралмай кеткен солдаттар,
Суреттен үнсіз қарайды.

Асфальт жол қайда ол кезде,
Басатын ізді қар қалың.
Ол көміп жолды ілезде,
Тосатын алдан қорғанын.

Болса да сонша дала кең,
Оралып журмей Мендібай.
Жол салып тіке шанамен,
Кешікпей жетіп келді үдай.

Соқтығой боран, дауыл да,
Салмады, бірақ, басқа жол.
Ауданнан сол кез ауылға,
Келетін жатыр қасқа жол.

Даланың абзал еркесін,
Құғандай зұлым, тағы андар.
Қозғалтып бүкіл Жер төсін,
Жетті енді жайсыз хабарлар.

Зіңгіттей ерлер елдегі,
Анасын қайтып көрмеді.
Ақсақ та болып келмеді,
Шолақ та болып келмеді.

Келер деп енді көктемде
Боздақтар барлық ел күткен.
Бостандық үшін жат жерде,
Тауышты қаза ерлікпен.

Әуелден жаны жаралы,
Дүрліксе қайтті ел бұлай.
Хабарды біраз қаралы,
Жасырып жүрген Мендібай.

Алыпты басып зор қайғы,
Қап-қара тұндей еңсесін.
Айтпауға тағы болмайды,
Бетке алды ауыл кеңсесін.

Аналар ұлын жүр күтіп,
Келеді дерсің сор қайдан?
Адал жар хабар тұр күтіп,
Сағынып, жүдеп, сарғайған.

Қырықтан асқан Мендібай,
Баладай бір сәт еңкілдеп.
Жүрісі тіпті мандымай,
Жылады дейсің селкілдеп.

Ажалда жоқ қой қанағат,
Жылады: "қалай берем", — деп,
"Әкеліп сонша жаманат,
Ел бетін қалай көрем?" — деп.

Адамның бүгін ойы кен,
Артқа да бір сәт қарандар.
Сол тұзу жолдың бойымен,
Тартылды кейін бағандар.

Белгілі жүртқа мінезі,
Мендібай атын доғарды.
Қас-қағым сәтте сым өзі,
Жеткізді жақсы хабарды.



Елімде ерлік танытқан,
Хабары күткен Женістің.
Сүйінші сұрап халықтан,
Куантып жатты Жер үстін.

Ауылда сол бір болдың ба,
Жоқ онда одан басқа жол.
Созылып жатыр алдымда
Мендібай салған қасқа жол.

Боздақ

Қазақтың кең фойдаласы,
Жүргенде жұмыс бабымен.
Жандарға жақсы, жаны асыл
Кездесіп қалдым тағы мен.

Замандас жаңа танысқан,
Үйіне шайға шақырып,
Кездейсоқ құтты қоңыстан,
Жолықты маған тақырып.

Қартана шықты алдымнан,
Кешегі күннің көзіндей.
Тоқшылық кезде қалғыған,
Оянды бойда сезім кей.

Жүзінде тұнған мейірім,
Үйіріп алып қонағын.
Танытып жатыр пейілін:
"Жайғасып отыр, қарағым".

Әжейдің жүзі шырайлы,
Көнілді демде жібітті.
Нақ төрден күліп қарайды,
Суреті жап-жас жігіттің.

Кешегі жастық базарын,
Көргендей болып үйдегі.
Аударып ана назарын:
"Шалым фой менің бұл", – деді.

Кемсендеп кетті иегі:
"Әттең, бұл күнді көрмеді.
Отаудың енді тірегі
Сол жылы туған төл", – деді.

Жігіт қой жап-жас шал мына,
Әжейдің көріп әжімін,
Келтірдім көзім алдына,
Келіншек күнгі наз үнін.

Жетпіске кепті қарт ана,
Ал шалы жап-жас, бәрібір,
Жаңарған, толған ортаға,
Төгіп түр төрден әлі нұр.

Отызда жасы жігіттің,
Отызда шал деп кім айтты?!
Тұрса да көкте құліп күн,
Ананың сөзі мұнайтты.

Қайнардан бірге бас алып,
Сулары бірге ортайса.
Жақсы екен бірге жасарып,
Бір құліп, бірге қартайса.

Еріксіз тулап бұл жүрек,
Соғыстан қалған отты леп
Кеудемді жатыр тілгілеп,
Өкпемді жатыр тепкілеп.

Болса да жүзі жайдары,
Күндерін өткен сағынып,
Бұзылып көніл қаймағы,
Қалады-ау әжей қамырып.

Ұшырап жылы көзіне,
Жап-жас бол біздер көрінсек,
Жоктайды жарын әлі де
Жетпіске келген келіншек.

Ойнайды сезім қанымда,
Басталсын тағы жол басы.
Ұлы отыр шалдың жанында,
Тірліктің сол бір жалғасы.

"Ашындар болса сыр қандай,
Болындар сендер ақ бас шал!" —
Деп бізге қараң тұрғандай,
Отызға толған жап-жас шал.

Глобус

Білмедім, әлде біреулер
Лақтырды ма екен оқыста?
Жыртылған, тозған глобус,
Жер шары жатты қоқыста.

Айтылмай қалған қанша әні?
Жығылған жерден тұра алмай.
Қоқыста жатты Жер шары,
Қанаты сынған қырандай.

Өзінің тұғыр-осімен
Айналу қын енді оған.
Айрылып қалған есінен
Мектепке түскен бомбыдан.

«Футболдың добы секілді
Жүрмесін біреу тепкілеп», —
Көтерді солдат: «ниетімді
Ұқса екен бөбек», — деп тілеп.

Осында ма екен өмір шын,
Азан да қазан жол үсті.
Сәби ғой...
Сәби не білсін?
Ойнайды кейде соғысты.

Арабтың ұлы балдырган,
Жерінің сүйген әр тасын.

Көзіне тұнық қондырган,
Елінің күйген картасын.

Жанарда өшпей жатыр мұн,
Айтпай-ақ ұқтым тілегін.
Көз алмай мен де отырмын,
Кетеді шашып жүрегім.

Кадрлар жатыр алмасып,
Көз жасын сұртіп тұр ана.
Салмағы қанша сол жастың?
Ол жағын менен сұрама.

Кеппеген әлі жасы көп
Ананың барлық атынан,
Құзғынға сепкен қасірет,
Айтады қарғыс экран.

Айтады қарғыс қалалар
Шер болып қатқан күйіктен,
Айтады қарғыс аналар
Емшегін сәби иіткен.

Ернімен араб кезерген
Сүйеді құмын жата қап,
Жер-ана, сені ежелден
Сақтаған осы маҳаббат.

Жендетті көзің көрді ме?
Бәрібір оған сел, нәсер.
Глобус – сынды Жерді де
Құртуға дайын әумесер.

Жер басып жүрміз бәріміз,
Ол біздің ортақ үйіміз.
Жарасып келген сәніміз,
Табиғат берген сыйымыз.

Бұзбасын ешкім сәнімді,
Жүректе нала қалмасын.
Ауыртып менің жанымды,
Үйімде соғыс болмасын.

Жер басып жүрміз бәріміз,
Ол біздің ортақ үйіміз.
Әуелеп шықсын әніміз,
Күмбірлеп шықсын күйіміз.

Көбейсін тойлар елімде,
Даламыз нұрмен көгерсін.
Кіршіксіз ашық көгімде
Шарықтап ұшсын көгершін.

Күн төккен ғажал шуаққа
Жайсыншы сәби алақан,
Болсыншы нұрга бала таң,
Атсыншы күліп жаңа таң.

Жаныммен мұны түсінем,
Баламен кірген ел сәні.
Ананың қуат-күшімен
Айналып тұрғой Жер шары.

Шатыққа шексіз бөленіп,
Адамға сенсін бүгін ел.
Жақсылықпенен көгеріп,
Дөңгелей берсін жұмыр ЖЕР.

Қанжар

Сақталып тұрған сан ғасыр
Қанжарды көрдім таттанған,
Болған-ау талай жанға сын,
Өткен-ау талай оттардан.

Қан сорып қаскей шонжарлар
Қанша жыл бойы бел алды?
Сабы алтын талай қанжарлар
Құрдымға сіңіп жоғалды.

Тойлайды тірі жеңісін,
Өлгендер кейін қайтпайды.

Женгеннің, бірак, көбісін
Асыл деп ешкім айтпайды.

Әшекей салып, зерлеген,
Қынабы кісі қызығар.
Жігіттің мұны сермеген
Әрине, жүрек түгі бар.

Күн көрді, бәлкім, жанжалмен,
Кім білсін, мүмкін, ар үшін.
Қасынан осы қанжармен
Корған шығар намысын.

Ілінген қара тізімге
Жендеттің, бәлкім, қаруы,
Қанжардың қанды жузінде
Секілді қалған бар уы.

Қару бар жерде оқыста
Шығуы мүмкін жанжалдар.
Ал бүгін Шығыс, Батыста
Жасалып жатыр қанжарлар.

Дір етті неге бұл жүрек?
Кезім ғой арман молайған,
Жатқандай көкті тілгілең,
Қанатты қанжар сорайған.

Ұстаган жандар қанжарды,
Қанжардан ажал табады.
Қорқытқан қару бар жанды,
Мұражайларда жоқ әлі.

Жер – ана, сақ бол!
Зұлымдар
Тұрсаған қанжар оқталып,
Қалқан боп, кәне, тұрындар,
Қаруға қарсы, көп халық.

Тұс көрсек, жақсы жорытың,
Күдіктен мұлдем босайык.

Л. Толстой атындағы Костанай облыстық әмбебап ғылыми

журнальдық мұндаударды

17

Қанжарды қайта қорытып,
Соқа мен күрек жасайық.

Өмірге нұрлы жол сілтеп,
Табылсын сырқат даруы,
Қанжарлар өткір болсын тек
Аңшының ғана қаруы.

Бәйтерек

Қызық көрмей тыныш тірлік, тұрмыстан,
Бақыт тапқан жандар бар ма қырқыстан?!
Тапап өтті өркен жайған өңірді,
Алтын көрсө алжасатын кіл мыстан.
Олар ақыр сол алтынға, мол алтынға қақалды,
Аты шықпай, жерді өртеген атанды.

Қызғаншақтар жауырынды, тұлғалы
Жігітерге іші күйіп қарады.
Сонысы үшін кек алды.
Талай қала тоналды,
Бақтар отқа оранды,
Есіл ерлер ізім-қайым жоғалды.
Басқыншының не болғанын көр енді.
Екі метр жерде жатыр ол енді.

Мүгедектер тәндері емес, жаны кем,
Жеріп бітті бейбітшілік әнінен.
Жақпай қойды оларға,
Шабандоздар
Жүйрік аттың құлағында ойнайтын,
Қызға ұнамай қоймайтын,
Кол-аяғы бұп-бүтін боп,
жерді басып жүргені,
Куанғаны, күлгені,
Еркіндікті қызғанған соң, еріксіз
Ойлап тапты түрмені.
Қанын сорып даланың,
Мәңгүрт қылды есіл ұлын ананың.
Ел намысын ту көтерген ерлерден

Ойлап тапты тығылатын қамалын.
Арқанға асып, омыртқасын опырып,
Көзін ойып, аузына құм толтырып;
Ойлап тапты
Әлтірудің неше түрлі амалын.

Жанған өрттей жендеттердің кескіні,
Біле ме олар Отан үшін жануды?
Жынды қылыш естіні,
Үйрәнді тек асу, ату және тартып алуды.
Аналардың анарларын кескілеп,
Тәлкек қылды айдай әппақ аруды.
Ойлап тапты жаны ашыған жан болса,
Қолданатын қаруды.

Жанбай жатып қыршын ерлер сөнді көп,
Қара құс боп төнді көк.
Жүрсе сәби еңбектеп,
Сандырығын шашып түгел жер-көкке,
Айықпайтын ажал деген тажалдың
Жұмыртқасын туып жатты зеңбірек.

Көп пе Қайғы Өмір дейтін белесте,
Жүрген сақтап ел есте.
Гитлер мен Наполеон, Ескендір,
Жалғыз көздәу, Мыстан кемпір секілді,
Обырлардың тобырынан емес пе?
Жеті жұртқа әкелетін жеті жұт,
Жеті басты айдаһарлар емес пе?

Жолаушыдан жүріп өткен жол қалар,
Қарақшыдан қасіретті көр қалар.
Ақыр түбі кім екенін қор болар,
Түсінді ме сонда олар?
Ит пен құсқа жем болды да жорғалар,
Қарқылдады қарғалар.
Жатты жерді жастаныш,
Батыр жігіт сұлу қызға жар болар.
Жақсылыққа жүққан қара күйедей,
Көк төсінен сауылдады бомбылар.

Махабатты жырлап өткен ақынды
 Соғыс енді тұңғирыққа батырды.
 Қайран, ақын!
 Керек енді басқа өлең,
 Қамықпас ем босқа мен.
 Сол бомбыдан сөзді үқпайтын таскерен,
 Керең құлақ өсіп шықты ақыры.

Қанша король, қанша патша, қанша хан,
 Жердің жүзін қан қылған.
 Қаншама ана ұлын күтіп,
 Жанаарларын талдырган.
 Қаза тауып жазығы жоқ сан құрбан,
 Қалған өспей балдырган.
 Жоқтау жырын ести ме екен керендер,
 Кім біледі не күтерін алдынан?

Аман қалса барлық кітап өртенген,
 Тірі болса азаматтар жер қойнына ерте енген.
 Бұл дүние болар еді-ау толған айдай ажарлы,
 Думан-тойлы, базарлы,
 Соғыс салған тыртықтарды
 көріп туган өлкемнен,
 Шындық күйін шертем мен.

Жерін жайпап, өртеп егін, орманын,
 Тұншықтырып арманын,
 Ел басына талай тәнген сор қалың.
 Ей, қанішер, қан төгуге тоймайтын,
 Кезің жетті ойлайтын,
 Қақпақыл қып ойнайтын
 Адам басы «добы емес қой алланың».

Абаласын, арсылдасын қай тәбет,
 Секілді Жер бойлап өскен бәйтерек.
 Жазатайым үсік шалса, қайтер ек?
 Қысқа қарғыс айтар ек.
 Жан-жағынан керең құлақ ентелеп,
 Тамырларын құрт жемесе ертерек.
 Жапырақ жаяр бәйтеректің ғұмырын
 Айтпайды ешкім келте деп.

Жас өскінді аялайық ертерек,
Өсе берсін Күнге, Жерге еркелеп.
Ерен-ерен адамдардың қызыы,
Терең-терең тамырлардың жылуы
Қыс ызғарын құып шығар желкелеп.
Көктен түскең Күн көзіндей елжіреп,
Көктем, көктем!
Жерге тағы ерте жет.

Керең құлақ соғыс-сұмның символы,
Бәйтеректер көрсетпесін мұлде оны.
Көк төсінде жатсын мәңгі созылып,
Құстың жолы — Галактика — жыр жолы.
Жыр жолымен көгершінін ұшырсын
Адал ниет адамдардың мың қолы.

Жапырақтың салмағымен жаныштап,
Кетсін бізден түсінбестік алыстап.
Фашықтарды қолын бұлғап шақырсын,
Таныс көше, таныс бақ.
Бәйтеректі аманат қып табыстал,
Адамзаттың ұрпағы
Өсе берсін келешекке қарыштал.

Заманның ақыры болмайды

Бола ма Заманның ақыры,
Бола ма әлемнің қожасы —
Адамның ақыры?
Ажал ма ашатын араның,
Бұл сөзге ғұлама данаңың,
Жетпейді кей кездे ақылы.

Шеті жоқ, шегі жоқ кеңістік,
Кеңістік түпсіз деп келістік.
Көктемгі ғажайып сәнімен,
Қыстағы аязы, қарымен
Адамға, ЖЕР, бірақ, ең ыстық.

Жер жасын санасақ, көп дейді,
Өмірге ол көптік етпейді.

Андысқан, тартысқан, қан құсқан,
Соғысты бейнелеп айтуға
Сөздіктің құрамы жетпейді.
Қантөгіс. Аяусыз арпалыс.

Аяққа тапталған ар-намыс.
Аққан қан. Шыққан жан. Жанталас.
Жойқын өрт. Қырғын дерт. Осындағы
Сөздердің өзінен қорқамыз.

Айналсам болмай ма елімнен,
Жері жоқ дүшпеннан шегінген.
Қаскейлік. Даңғойлық. Зұлымдық.
Садизм. Нацизм. Фашизм.
Достықтың күшінен жеңілген.

Ал енді Адамды қыс күні
Жылытқан жүректің ыстығы.
Қазаққа сабатып Абайды,
Даңғойға өлтірткен Пушкинди,
Ол-дағы соғыстың үшқыны.

Бетінде қадірлі қоныстың
Қорлаған ұлдарын,
Қызғалдақ қыздарын,
Қазақтың, қырғыздың, орыстың,
Өлтірген ақынын Чилидің,
Ақынын арабтың
Қатігез демі ғой соғыстың.

Болсын дег соғыстың ақыры,
Қажалды тұлпардың тақымы.
Кесілді сұңқардың қанаты,
Жігіттің өмірі қиылды,
Жат жерден топырақ бұйырды.
Арулар жамылды қараны,
Қаза боп қапыда батыры.

Бейбіт күн кептерін
Жыр қылып ұшыршы,
Соғыстар болды ғой...

Түсінші.
Далада, Құрылыш, Арада
Бірінші, екінші, үшінші.

Жүзінші, мыңыншы айқастар,
Әр елдік, әлемдік шайқастар.
Сұмдықты көргенде көздерің,
Жетті рой кездерің,
Адамға ой тастанар.

Әр жерде, әр елде,
кең байтақ әлемде,
Адамдар үғысса бір тілде.
Сөйлессе бейбіт күн тілімен,
Тілдессе ақынның жырымен,
Соғыстың болуы мүмкін бе?

Сенемін, шат заман орнайды,
Ақындар жырларын арнайды.
Гүлденіп Жер-бесік, өз елім,
Даламның тақыры болмайды.
Кеудемде тұрғанда жүрегім,
Заманның ақыры болмайды.

Айналым сенен!

Тарихқа үңілсек, сан із бар,
Откеннен қалған көп аңыз бар.
Шындықсыз аңыздың жоқ құны,
Ақиқат — аңыздың авторы,
Адамдар Өмірге мәңгілік қарыздар.

Қазақтар жұлдызды көктегі
Адамның өмірі деп пе еди?
Қашама жұлдыздың аққанын,
Көп жұлдыз жана алмай жатқанын,
Айта ма шежіре беттері.

Кім білсін?
Мұхиттың тубінде